

## №14 дәріс. Қазақстандағы экскурсиялық ісі дамыған музейлер.

### Дәріс жоспары:

1. ЮНЕСКО тізіміне енген музейлердегі экскурсиялық істің ерекшелігі
2. ҚР -ғы облыстық және аудандық музейлердегі экскурсиялық істі саралау
3. Жеке тұлғалардың музей-үйлеріндегі экскурсиялық істі сараптау

**Мақсаты:** Қазақстан музейлеріндегі экскурсиялық ерекшеліктерін айқындау.

Бүгінгі таңда Қазақстан аумағындағы музейлердің көпшілігінде экскурсия жүргізушілердің арнайы штаты бар. Әсіресе, республикалық деңгейдегі қалаларда, облыстық тарихи-өлкетану музейлерінде, ірі қалаларда, бірқатар аудан орталықтарындағы музейлерде экскурсия жүргізу біршама жолға қойылған. Кейбір ірі оқу орындары мен ғылыми мекемелердің музейлерінде де экскурсия жүргізушілер қызмет етеді. Олар экскурсанттарға арнап түрлі әңгіме-баяндар, экскурсияға қажетті жөнсілтер, жүріп өтер жолдың бағыттарын, т.б. дайындаған. Енді біз осы экскурсиялық істің кеңістігі біршама қалыптасып дамыған кейбір музейлерге тоқталып кетелік. Әрине, барлық музейлерге тоқталып жатудың реті келе қоймас, алайда, студенттердің танымдық деңгейін көтеру үшін бірқатар музейлерге анықтамалық мәлімет жүргізіп кетсек, оның еш артықшылығы бола қоймас деген ойдамыз. Бұл мәліметтен оқырмандар Қазақстан Республикасындағы музейлердің ұйымдастырылуы, құрамы мен құрылымы жайлы азды-кемді ақпараттар ала алады.

*Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі* ислам дінінің көрнекті өкілі, ойшыл, діни қайраткер әрі ғұлама Қожа Ахмет Ясауи (Әзірет Сұлтан) құрметіне арнап Әмір Темір салдырған кесененің (ханаканың) негізінде Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан қаласында қазіргі атауымен 1991 жылы ашылған. Кезінде Д.А.Қонаев, Ө.Жәнібеков сынды мемлекет қайраткерлерінің бастамасымен 1978 жылы қыркүйекте Қожа Ахмет Ясауи республикалық музейі ашылған болатын. 1989 жылы 28 тамызда Қазақ КСР үкіметі жалпы келемі 90 га жерді алып жатқан Түркістан қаласының көне ескерткіштер кешені негізінде Әзірет Сұлтан қорық музейін ашу туралы шешім қабылдады. Қорық-музей Ахмет Ясауи кесенесімен бірге Үлкен қылуат (жерасты мешіті, XII ғасыр), Әулие Құмшық Ата қылуаті (XII ғасыр), Сегіз қырлы кесене (XIV-XVI ғасырлар), Ұлықбектің қызы, Әбілқайыр ханның зайыбы Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі (XV ғасыр), Шығыс моншасы (XVI-XVII ғасырлар), Есім хан кесенесі (XVII ғасыр), т.б. археологиялық, тарихи, сәулет және бейнелеу өнерінің үздік ескерткіштерін қамтиды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі бірегейлігімен ерекшеленгендіктен қазақ халқының өзіндік бір «пантеоны» болды, оның төңірегінде ғасырлар бойы қазақтың игі-жақсылары жерленді. Тарихи дереккөздері мұнда Жолбарыс хан, Есім хан, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр, т.б. белгілі адамдар жерленгендігін хабарлайды. Қожа Ахмет Ясауи архитектуралық кешені ЮНЕСКО тарапынан Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген.

*«Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи мемлекеттік қорық-мұражайы* Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарабастау кентінен солтүстік-

батысқа қарай 4 км жерде орналасқан. Ол 2003 жылы ұйымдастырылған. Таңбалы қорық-мұражайының жалпы ауданы 3800 га құрайды. Таңбалы шатқалының аумағында жүзден астам әртүрлі уақыттағы ескерткіштер бар. Олар қола дәуірінен бастап ХІХ-ХХ ғасырларға дейінгі аралықты қамтиды. Ескерткіштер кешені қоныс, қорған, тас қашалған орын, петроглиф, табыну ғимараты (құрбан шалынатын жер) секілді көптеген нысандардан тұрады. Музейдің петроглифтерімен даңқы шыққан. Кешеннің барлық кезеңдердегі негізі жартастарында үш мыңдай петроглифтер (1-5 топ) сақталған. Олардан басқа бірқатар археологиялық қорғандар қазылып, музейлендірілген. Қорық-музейдің ең көрікті жері шатқалдың сағасында түзілген шағын каньон болып табылады. Мұнда Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктер де өседі. 2004 жылы 30 маусымда Таңбалы археологиялық ландшафтының петроглифтері ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген.

*Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі* 1967 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы Темір станциясында ашылған. Алғашқыда мектеп музейі болып құрылған, 1973 жылы аудандық музей деңгейіне көтерілген. 1979 жылы қазіргі деңгейге көтеріліп, бүгінгі атауымен аталып келеді. Қорық-музей құрамына Отырар қаласындағы Арыстан баб кесенесі және осы өңірдегі барлық ежелгі қала орындары, қорғандар, суландыру жүйелері, шеберханалар енгізілген. 1993 жылы музейдің қорғау аймағы 11547 га болып ұлғайды. Қазіргі кезде Отырар өңіріндегі 160-тан астам тарихи-мәдени ескерткіштер қорық-музейдің қарамағына еніп отыр.

*Д.А.Қонаев музейі мен музей-үйі* Алматы қаласында орналасқан. Латиф Хамиди тұрған үйде ұйымдастырылған музейдің негізі 2002 жылы қаланған. Музейде шартты түрде «қызыл» және «көк» деп аталған 2 зал бар. Бірінші залда Дінмұхамед Қонаевтың жастық шағындағы суреттер, оған тарту еткен әртүрлі сыйлықтар қойылған болатын. Екінші залға Д.А.Қонаевтың портреттері, оның мәрмәрдан жасалған және гипстен жасалған мүсіндері қойылды. Д.А.Қонаев киген костюм шалбары мен аяқ киімі, т.б. заттары орналастырылды. Оның пайдаланған сан алуан бұйымдары музейде сақталған. Д.А.Қонаев музей-үйі 2012 жылы Д.А.Қонаевтың 100 жылдық мерейтойына орай оның бірнеше жылдар бойы тұрған пәтерінде ашылып, оған көптеген заттар қойылды, жәдігерлер құрамы қайта жаңғыртылып, пәтердегі бөлмелер оның жеке заттарымен толықтырылды. Д.А.Қонаевтың пәтеріндегі заттар, жиһаз бұйымдары сол қалпында сақталған. Музейде Д.А.Қонаевтың суреті бар вазалар, оттықтар (467 дана), басқа мемлекеттердің басшылары сыйға тартқан сувенирлер, қару-жарақтар, т.б. заттар жайғастырылған.

*Абайдың Жидебайдағы музей-үйі* Семей қаласынан 180 км, аудан орталығы Қарауылдан 25 шақырым қашықтықта орналасқан. 1945 жылы ақынның туғанына 100 жыл толуы қарсаңында арнаулы мемлекеттік комиссия шешімімен аталған музей-үйіне айналды. 1970 жылы күрделі жөндеуден өткізілді. Музей-үйдің бес бөлмесі мен үш залына орналастырылған заттар ақынның жақын-туыстарынан, достары мен замандастарынан алынған. Құрылымы, сыртқы пішіні Абай заманындағы көрініс-келбетін сақтаған.

Музейге Абай және оның туыстарының ұстаған заттары, пайдаланылған бұйымдары орналастырылып, әрқайсысы туралы анықтамалықтар берілген. Мысалы, 1885 жылы Абай асадал мен күміс, мыс жалатылып сүйектен жасалған кішкене кебежені Семейдің өлкетану музейіне өз қолымен өткізген болатын. Музей фотоқұжаттарға толы. Онда Абайдың үй шаруасында болған Қорамжанұлы Қатпа мен оның бәйбішесі Мақымның, Рысқали Исақызының фотобейнелері, Е.П.Михаэлис, С.С.Гросс, Н.И.Долгополов, П.Лобановский суреттері, сондай-ақ күміс құты, кесе, айбалта, шақша сияқты бұйымдар бар. Үйдің төргі бөлмесінде ақынның өзі отырған. Мұнда Ділдәнің сүйек төсегі, Абайдың үш ішекті домбырасы, күміс қалта сағаты мен белдігі, қолжазбаларының көшірмесі, құс қанатынан жасалған қаламсабы мен сиясауыты, шақшасы, сонымен қатар өзі ойнап, кейін Семейдегі өлкетану музейіне өткізілген тоғызқұмалақ, дейбі тақталары, араб, парсы, түрік және орыс тілдеріндегі кітаптары топтастырылған. Музейде ас үй жиһаздары (тегене, ожау, леген, шәйнек, тостаған, т.б.), қару-жарақтар (шиті мылтық, үш ауызды мылтық, т.б.), жиһаздар (сүйек төсек, төсекжапқыш, т.б.), аңшылық құралдар (қақпан, т.б.), ер-тоқым, киім-кешектер, т.б. заттар бар. Олардың барлығы да Абай заманынан молынан мәлімет береді.

*Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі* 1923 жылы 1 мамырда құрылған. Музейдің алғашқы экспозициясы түрлі мекемелер сыйға тартқан жан-жануарлардың қаңқалары, қару-жарақ, сауыт-сайман, т.б. бұйымдардан құралды. 1928-1929 жылдары музей қорында 1000-нан астам жәдігер болды. XX ғасырдың екінші жартысында музей қоры тас, қола және ерте темір дәуірлеріне жататын ескерткіштердің материалдарымен толықты. Осы кездері музей қоры этнографиялық материалдармен, өнер мен мәдениет туындыларымен де толыққан болатын. Қазіргі таңда музей қорында 150 мыңдай жәдігерлер бар. 2000 жылы Президент Мәдениет орталығына біріктірілді.

*Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің* негізі 1920 жылы қаланған. Шымкент қаласында орналасқан мұражай республика бойынша жәдігерлер саны, тарихи-мәдени құндылығы жағынан Астана мен Алматыдағы мемлекеттік республикалық мұражайлардан кейінгі орынды алады. Шымкенттегі облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі жәдігерлердің ең ертесі палеолит дәуірінен басталады. Қола және сақ, қаңлы заманындағы жәдігерлер де молынан ұшырасады. Сондай-ақ Ұлы Жібек жолындағы Отырар, Сайрам, Түркістан сынды ежелгі қалалар мәдениетінен бүгінгі тәуелсіздік жылдарына ұласқан, халықтың ежелден желісі үзілмей келе жатқан салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, өнері мен тұрмыстық бұйымдарын өз қорларында сақтап келеді. Бұлардың барлығы өлкенің 2,5 мың жылдық өзіндік бір қызықты да тартымды тарихын сипаттайды. Облыс бойынша музейдің Шардара, Сарыағаш, Түркістан, Ескі Иқан, Сайрам, Түлкібас секілді елді мекендер мен қалаларда 8 бөлімшесі жұмыс істейді.

*Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің* негізі 1938 жылы қаланған. Исатай, Құрманғазы, Қызылқоға, Индер аудандары орталықтары мен Сарайшық кентіндегі тарихи-мәдени мұраны қосып есептегенде музейдің 30000-нан астам материалдық-рухани ескерткіштері мен жәдігерлері бар.

Музей жәдігерлері палеолит дәуірінен қазіргі заманға дейінгі Атырау өңірінің бай тарихынан хабардар етеді. Олардың ішінде Алтын Орда заманындағы ірі мәдени және сауда орталығы болған Сарайшық қаласынан табылған теңгелер, қыш бұйымдар, монша, мешіт, шеберхана қалдықтары бар. Музей қорын соңғы жылдары қазба жұмыстары қарқынды жүргізілген Сарайшық материалдары толықтырған. Жинақталған материалдар Алтын Орданың саяси-экономикалық, мәдени өмірін айшықтайды. Музейде Исатай мен Махамбет, Құрманғазы, т.б. белгілі тұлғаларға қатысты материалдар, алуан түрлі этнографиялық жәдігерлер жинақталған. бастаған халық көтерілістеріне қатысты құжаттар, қару-жарак, өнер туындылары да жинақталған.

Орал қаласындағы *Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің* 1836 жылы негізі қаланған. 1920 жылы қалалық реалды училище мен казак-орыс әскерлері музейлерінің негізінде қайта құрылып, жасақталған. Музей залындағы археологиялық қазбалар кезінде табылған тастан жасалған бұйымдар, қыш құмыралар, ыдыстар, қола мен темірден соғылған жебе ұштары, өзге де еңбек құрал-жабдықтары, алуан түрлі саймандар өлкенің көне замандағы тарихы мен мәдениетінен мағлұмат береді. Қазақ этнографиясынан XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде қолданылған әшекей бұйымдар, үй жиһаздары, тұрмыстық заттар, қару-жарақтар, ер-тұрмандар хабардар етеді. Олармен бірге сан алуан фотолар, құжаттар, кітаптар, т.б. кездеседі. Археология, Кіші жүз тарихы, Бөкей ордасының тарихы, кеңестік кезең тарихы, этнография, ҚР тәуелсіздік тарихы, т.б. экспозиция залдары бар. Оның дербес бөлімдері ретінде Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық музейі, Д.Нұрпейісова атындағы өнер тарихы музейі, М.Мерәлиев атындағы Қаратөбе тарихи-өлкетану музейі, Сырым Датов атындағы тарихи-өлкетану музейі, Көктерек кентінің тарихи-өлкетану музейі, А. Пушкин музейі, Е.Пугачев музей-үйі, суретші С.Ғұмаров музейі жұмыс істейді. Оның құрамынан 2007 жылы Кеңес Одағының Батыры М.Мәметованың мемориальды музей-үйі, Табиғат пен экология музейі, М.А.Шолохов атындағы мемориалды кешен бөлініп шыққан. 2007 жылы музей 170 жылдық мерейтойын өткізген.

*Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің* негізі 1932 жылы қаланған, алғашында политехникалық музей болып ашылса, кейін 1938 жылы Қарағанды облыстық өлкетану музейі болып қайта құрылған. 1964 жылдан бері тарихи-өлкетану музейі деп аталып келеді. Музей қорында кемінде 150 мыңдай жәдігер бар, музей экспозициясы 1800 ш.м. құрайтын 14 залдан тұрады, қор сақтау – 190 ш.м. Сонымен қатар 60 орындық акті залы, «Dolby Digital» тарихи кино залы, «Бабалар бейнелері» компьютерлік анимация залы жұмыс істейді. Музейдің кіре берісіндегі үлкен залда Қарағанды облысының физикалық-географиялық картасы көрсетілген. Келушілер нумизматикалық жинақтармен, XIX-XX ғасырдағы қолданбалы өнер туындыларымен, діни атрибутикалық топтамалармен, қару-жарақтармен, зоологиялық тұлыптармен, палеонтологиялық жануарлар сүйек қаңқаларымен, сан алуан археологиялық және этнографиялық материалдармен таныса алады. Олар өлке тарихынан молынан хабар береді.

*Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің* негізі 1939 жылы қаланып, содан бері көпшілікке қызмет етіп келеді. Музейдің ұзын сонар тарихы бар, оның алғашқы экспозициясы 1890-96 жылдары салынған шіркеу үйінде болды. Дегенмен, кеңестік заманда (1980-ж.) музей жеке ғимаратқа көшіріледі. Қазіргі таңда музей қорында 50 мыңға жуық жәдігер сақтаулы. 2001-2003 жылдары барлық экспозициялар жаңартылып, мекеме жұмысы көптеген заманауи технологиялармен, құрал-жабдықтармен жабдықталды. Музей экспозициялары 14 залға жіктелген. Музейдің Қорқыт музейі, Ақмешт музейі сынды филиалдары жұмыс істейді. Облыстық музейде Сыр өңірінің мәдениеті мен тарихынақты көрініс тапқан.

*Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің* негізі 1931 жылы қаланған. Бастапқы кезде жәдігерлерді археологиялық заттар құрады. Музейдің жұмысына жандандыруға археолог Г.И.Пацевич белсене араласқан. Бүгінгі таңда музей қорында көне дәуірден бүгінгі заманға дейінгі материалдық құндылықтар және халқымыз бен мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі, әр кезеңдегі елеулі оқиғаларға қатысты тарихи заттар, еңбек, мәдениет, ғылым, қоғам қайраткерлері мен соғыс ардагерлерінің құжаттары мен заттары жинақталған. Жинақталған жәдігерлер қоры 50 мыңдай. 2002 жылы Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойына орай музейде қосымша залдар ашылды. Бүгінде музейдің экспозициялық ауданы 2010 шаршы метрге жетіп, 4 ғимараттан тұратын кешендік музейге айналып отыр және оның Тараз қаласындағы Абай көшесі 127 үйге орналасқан ауданы 303 шаршы метрлік көрме залы бар. Музейде археология және этнография, қазіргі заман тарихы, қор және көрме бөлімдері, үш аудандық (Сарысу, Шу, Жуалы) бөлімдері көпшілікке қызмет көрсетеді. Жуалы ауданы орталығындағы Бауыржан Момышұлы мемориалдық музейінде батырға қатысты жәдігерлер, естелік кітаптар, т.б. заттар қойылған.

*Ежелгі Тараз ескерткіштері мемлекеттік қорық музейінің* негізі 1979 жылы қаланған. Оның құрамына ежелгі Тараз қаласының жұрты, Айша бибі, Қарахан, Бабажы қатын, Дәуітбек (Шамансұр) кесене ғимараттары, Қали Жүніс моншасы, Әбдіқадыр мешіті, сақтардың Үштөбе қорғаны, Тектұрмас кесенесінің қалдығы, Төңкеріс, Төрткүл кесенелері, Ақыртас құрылысы, Төменгі Барсхан, Атлах, Адахкет, Хамукет, Жікіл қалаларының орындары, Талас өзенінен өтетін ескі көпір қалдығы (XIX ғасыр) сияқты тарих және мәдениет ескерткіштері біріктірілген. Музей жәдігерлерінің мерзімі ілкі замандардан бастау алады. Әсіресе, ортағасырлық жәдігерлер мен ірі кешендер өлке тарихынан мол мағлұмат береді.

*Жамбыл музейі*—«жыр алыбы» Жамбыл Жабаев құрметіне тұрғызылған тарихи-мәдени мекеме. Жамбыл Жабаев тұрған үйде 1946 жылы ұйымдастырылған. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылында орналасқан. Музей іргесінде 1946 жылы салынған кесене бар, ол 1970 жылы және 1996 жылы қайта жөнделіп, ақ мәрмәр тастармен көмкерілген. Кесенеге Жамбыл Жабаев жерленген. Кесененің сол жақ босағасына ақынның киесі болып табылатын қызыл шұбар жолбарыс мүсіні орнатылған. Жамбыл өмір сүрген үй-музейдегі бөлмелер сол күйінде сақталған. Ондағы он екі бөлменің әрқайсысы тарихи жәдігерлерге толы, әрбір зат ақын өмірінің тікелей куәгері.

Бір бөлме Жамбылдың ұстазы ақын Сүйінбай Аронұлына арналған. Музейде кітап, сурет, т.б. жәдігерлер көп. Олардың барлығы да ақын өмірінен мол мәлімет береді.

*«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы*- жазушы Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы мұрасын көпшілікке таныстыру, насихаттау және зерттеу жұмыстарымен айналысатын бірегей мекеме ретінде бүгінде кеңінен танылып отыр. Негізі 1961 жылы қаланған. Аталған музей Алматы қаласында жазушының өзі 1951-1961 жылдары тұрған үйде орналасқан. 1949 жылы мемлекеттік сыйлыққа ие болған Мұхтар Әуезов екі мұғалімнен жер телімін сатып алып, 1951 жылы осы үйді тұрғызып кірген болатын. Үйдің бірінші қабатында үш бөлме, екінші қабатында төрт бөлме бар. Жазушының әдеби мұрасы, өзі көзі тірісінде тұтынған заттары, үй жиһаздары, қолжазбалары жүйеге келтіріліп, 1963 жылы 28 қарашада музей ресми түрде ашылды. Отбасы мүшелерінің музейдегі бөлмелері де сол қалпында сақталған. 1996 жылдан бері қазіргі атауымен аталынып келеді. Музей қызметкерлері оны тамашалауға келген көрермендерге қызмет көрсетумен қатар жазушының өмірі мен шығармашылық мұрасын жинақтау, оны зерделеу және әуезовтану саласы бойынша жарық көрген еңбектерді жинақтау, музейдегі қолжазбалар мен жәдігерлерді, кинофотофоно қорларын түзу секілді жұмыстармен айналысады. Музейде қолжазба қоры, мұрағат, т.б. бөлімдер бар.

*Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйі –1998 жылы ашылған.* Бұл үйде Алаш қайраткері А.Байтұрсынұлы 1934-1937 жылдары тұрған. Ол Алматы қаласында қызметте болған кезде үш үйде тұрыпты. Үйлердің орнын зерттеушілер анықтай алған. Алайда, ол тұрған екі үй қалада жаңа құрылыстар басталғанда бұзылып кеткен екен. Сақталған үйдегі музей Алматы қаласындағы А.Байтұрсынов пен Жамбыл көшелерінің қиылысында орналасқан. Ол қоғам қайраткері, ақын, ғалым А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылық жолына арналған мәдени-ғылыми мекеме ретінде белгілі болып отыр. А.Байтұрсынұлы туғанына 125 жыл толуына орай музей-үй күрделі жөндеуден өткізіліп, құрылымы мен сәулеті қайта жаңғыртылған. Музей-үйдің бөлмелерінде орналастырылған заттардың көбісі жақын-туыс жанашырларынан алынған. Ахметтану дәрісханасы «Ғалым ғұмырнамасы», «Тұлға тағылымына – тағзым» атты тақырып аясында қызмет көрсетеді. Мұражайда үш зал бар: қайта оралу, қазақ санасының шам шырағы жәнәсияси қуғын-сүргін құрбаны. Әрбір зал А.Байтұрсынұлы өмірінің белестерін сипаттайды.

*Сәбит Мұқановтың әдеби-мемориалдық музей-үйі* – Алматы қаласында орналасқан. 1978 жылы жазушының 1965-1973 жылдары тұрған үйінде ашылған. Музей С.Мұқановтың әдеби мұрасын сақтап, насихаттауға арналған тарихи-мәдени мекеме болып табылады. С.Мұқановтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында ғимарат күрделі жөндеуден өткізіліп, экспозициясы жаңартылған. Онда 8 мыңнан астам жәдігер бар. Мұражай әдеби және мемориалдық бөлімдерден тұрады. Музейдің әдеби бөлімінде жазушының зерттеулері мен мақалалары, монографиялары, ҚР ҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық дипломы, орден-медальдары, сондай-ақ оның Қазақстан Жоғары Кеңесінің депутаттығына бірнеше рет сайланған куәліктері қойылған.

Музейдің мемориалдық бөлімінде жазушының қабылдау бөлмесі, жұмыс орны, демалыс бөлмесі, кітапханасы сол күйінде сақталған. Мұнда тұрмыстық заттары, үй жиһаздары, шетелдерден келген түрлі сыйлықтар, картиналар, т.б. жәдігерлер қойылған.

*Ықылас Дүкенұлы атындағы Республикалық музыка аспаптар мұражайы* - 1981 жылы ашылған. Орналасқан ғимараты 1908 жылы тұрғызылған. Онда генерал-губернатор мерекелік шараларын өткізіп отырған. 1990 жылы *Ықылас Дүкенұлының есімі берілген. Музейде* 50-ден астам түрлі музыкалық аспаптардан тұратын 1000-нан астам мәдени жәдігерлер сақтаулы тұр. Ең көне аспаптар XVII ғасырмен мерзімделінеді. Тіпті жәдігерлер топтамасынан Абай, Жамбыл, Махамбет, Дина және т.б. атақты әнші-күйші композиторлардың домбыраларын да көруге болады. Музыкалық аспаптар топтамасында домбыра, қобыз, кепшік, сылдырмақ, жетіген, адырна, сазген, тоқылдақ секілді аспаптардың бірнеше түрі ұшырасады. Қазақ халқының аспаптарынан басқа орыс, дүнген, ұйғыр және т.б. ұлт өкілдерінің бірнеше саз аспаптары да сақтауға алынған.

*Республикалық кітап мұражайы* – 1978 жылы ашылған. Алматы қаласында орналасқан. Музейде 6 зал бар. Бірінші залда дүниежүзілік жазу тарихы, ескі түркі алфавиті, ежелгі замандардағы жазу түрлері, ескерткіш тастар, қыштан жасалған бұйымдар, түптелген парақты бүктеме кітапшалар, былғарыға жазылған нұсқалар, Әбу Насыр әл-Фараби, Қорқыт ата еңбектері қойылған. Келесі залда XI ғасырдан бастап Абайға дейінгі кезең қамтылған. Ал үшінші залда XIX ғасырдан бастап революцияға дейін Қазан, Уфа, Мәскеу, Санкт-Петербург, Орынбор, т.б. қалаларда басылып шыққан қазақ кітаптары, төртінші залда Кеңес дәуіріндегі басылымдар, қуғынға ұшыраған зиялы қауымның кітаптары, т.б. қойылған. Бесінші залда Қазақстанның тәуелсіздігінде шыққан еңбектер жинақталған. Ал соңғы алтыншы залда кітап безендірудің өрісі, атақты суретшілер еңбегі мен балалар әдебиеті антологиясының және кішкентай кітаптар шығарудың биік деңгейі көрсетілген. Музейде шағын кітаптар да көп.

*Алматы қаласы тарихының музейі* – 2002 жылы құрылған. 2007 жылдан бері қазіргі орнында (Достық даңғылында) халыққа қызмет көрсетіп келеді. Музей құрылымы ежелгі және орта ғасыр кезеңі, Верный қаласы, тарихи-мәдени мұра, қазіргі заман тарихы, қор сақтау, мәдени құндылықтарды әкелу-әкету секілді 6 бөлімнен тұрады. Жыл сайын толығып келе жатқан жәдігерлер қоры 33 мыңға жуық. Музей жәдігерлері ежелгі заманнан бергі уақытты қамтиды, жәдігерлер топтамасынан тас құралдары мен балбалдарын, түрлі қашауларды, орта ғасырлардағы әшекейлерді, кейінгі заманғы заттық ескерткіштерді, ұлттық нақыштағы зергерлік өнер туындыларын байқауға болады. Бұл мекеменің 1 үлкен залы бар. Онда XIX ғасырдың екінші жартысындағы Верный қаласының тарихын қамтитын фотосуреттер, газеттер, күнделікті тұрмыста пайдаланылған заттар, соның ішінде грамофон, телефон, фотоаппарат секілді неше түрлі бұйымдарды көруге болады. Қор бөлімінде дәстүрлі қазақ мәдениетін айшықтайтын этнографиялық заттар да көптеп ұшырасады. Алматы баурайындағы Боралдай сақ қорғандары кешені де музейдің құрамына кіреді.

*Қазақстан мемлекеттік геологиялық мұражайы* – 1997 жылы ашылған. Алматы қаласында орналасқан. Музейдің бастапқы кіші бөлмесінде Қазақстанның рельефтік картасы қойылған. Картада Қазақстан аумағындағы пайдалы қазбалардың орналасуын электронды батырмалардың көмегімен көрсетілген. Үлкен бөлмеде минералдық галерея орналасқан. Бұл залда минералдық тастардың классификациясы берілген. Оның ішінде сульфидтер, алтын, күміс тастар және қазақстандық алмаздар бар. Олардан өзге алуан түрлі тас топтамалары шоғырланған. Бөлменің сол қанатында кішігірім кинозал және ежелгі заманғы кезеңді көрсететін панорамалық бұрыш орналасқан. Музейге келушілер 8 минуттық «Жердің тарихы» туралы видео шолуды тамашалай алады. Аталған музейде Қазақстан аумағындағы барлық тастардың түрлері қойылған, тіпті, тас болып семіп-қатып қалған жәндіктердің, азулы хайуанаттардың тістері мен сүйектері, т.б. кездеседі.

*Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей үйі* – 1991 жылы ашылған. Музей жазушының 1968-1985 жылы тұрып, еңбек еткен үйінде орналасқан. Онда әдеби және мемориалдық бөлімдер бар. Әдеби бөлімде жазушының өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін жәдігерлер қойылған. Мемориалдық бөлімде жұмыс кабинеті, демалатын бөлмесі, тұтынған заттары көрсетілген. Музей архивінде жазушының үш жүзден аса қойын кітапшалары сақталған. 2002 жылы жазушының 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде тойланды. Соның қарсаңында күрделі жөндеуден өтіп, экспозициялары жаңаланды. Музей кешені Халықаралық әлем музейлері каталогына енген. Онда 4 мыңнан астам жәдігер жинақталған. 1999 жылға дейін Орталық музей құрамында болған бұл музей С.Мұқановтың әдеби-мемориалдық музей-үйімен әкімшілік-басқару жағынан біріктіріліп, «С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешені» деп те аталған болатын.

*Сейфуллин музейі* - 1988 жылы Целиноград қаласындағы (қазіргі Астана қ.) облыстық өлкетану музейінің бір бөлімі ретінде ашылған. Музей ағаштан салынған ескі үйде орын тепкен. Ғимарат жанына ақынның ескерткіші орнатылған. Кіре беріс зал есігіне қарама-қарсы қабырғаға кеңестік қуғын-сүргін құрбандарына арнап тоқылған кілем-гобелен ілінген. Қабырғаны тұтастай алып тұрған бірегей полотноның орта тұсында Сәкен Сейфуллиннің гипстен жасалған бедерлі бейнесі, етегінде гүл шоғыры бейнеленген. Музейдегі мұрағат, құжаттар мен Сәкен Сейфуллиннің қолжазбалары, тұтынған сиясауыты, қаламсаптары, кітаптар мен газет-журналдар, машинкалар, т.б. құнды жәдігерлер 6 залда көрініс тапқан. Музейде С.Сейфуллин төңірегіндегі тұлғаларға қатысты құжаттар мен жәдігерлер жиынтығы топтастырылған.

*«Ұлытау» тарихи-мәдени және табиғат қорық-мұражайы* – 1990 жылы ашылған. Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылында орналасқан. Республикалық маңызы бар мұражайлардың бірі саналатын оның алып жатқан жер көлемі 1883 шаршы км. Аумағында жаңа тас дәуірінен бастап мерзімделінетін 200-дей обалар, сондай-ақ қорық көлемінде 700-ден астам тарихи-археологиялық және архитектуралық ескерткіштер орналасқан. Олардың арасынан республикалық маңызы бар 12 ескерткіш тізімге алынған. Географиялық, ботаникалық зерттеулердің анықтауы бойынша бұл өңірде



жалпы өсімдіктің 617 түрі өседі, оның ішінде 90 түрлі өсімдіктің дәрілік қасиеті бар. Музейдің 2 қабатты ғимаратының жалпы ауданы 583,2 шаршы метр. Мұражай ғимараттағы 8 бөлмеге орналасқан. Олар: сирек қол жазбалар бөлмесі; тарихи бөлме; Ұлытау зиялыларына арналған бөлме; этнографиялық бөлме; қазақ хандарына арналған бөлме; Ұлытау табиғатына арналған бөлме; минералдар бөлмесі; Ұлытау өңірінің сирек жәндіктер бөлмесі.

*Қазақстан Республикасының алтын және бағалы металдар мемлекеттік музейі* – Астана қаласындағы Бейбітшілік пен келісім сарайында орналасқан. Музей екі залдан тұрады. Біріншісі «алтын» зал, екіншісі «күміс» зал. Негізгі қордағы жәдігерлердің жалпы саны 6 мыңға жуық бірлікті құрайды. Ең көркем де бірегей жәдігері «Есік алтын адамы» болып табылады. Сонымен қатар «Жалаулы қоймасы» да ерекше көз тартады. Сондай-ақ, Қазақстан аумағында мекендеген сармат, үйсін, ғұн, түрік, т.б. халықтардың алтын бұйымдары да топтастырылған. Күміс залға ХІХ-ХХ ғасырларда қазақ зергерлері жасаған әшекейлер (шолпы, алқа, жүзік, білезік, т.б.), күміс монеталар, т.б. заттар қойылған. Бұл залдан қазақтың көркем-қолданбалы өнерін нақты көруге болады. Мұнда Қазақстан бойынша күмістен жасалған бірегей жәдігерлер шоғырланған.

*М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейі*-1974 жылы құрылған. Талдықорған қаласында орналасқан. Жалпы көлемі 1457 шаршы метр ауданды құрайды. Музейлік маңызы бар материалдар саны 30 мыңға жуық. Музей қорында тас дәуірінен бастап кейінгі уақыттарға дейінгі мәдениет пен тарихты қамтитын жәдігерлер шоғырланған. Сонымен қатар музейдің экспозициялық залдары келушілерді Жетісу жерінің әсем табиғатымен, ежелгі тарихы және қазіргі күн жетістіктерімен таныстырады.

*Қарасай аудандық тарихи-өлкетану музейі* – 1999 жылы ашылған. Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласында орналасқан. Жалпы көлемі 440,4 шаршы метрді құрайды. Музейлік маңызы бар материалдар саны 2 мыңға жуық. Сегіз бөлімнен тұратын экспозициялар келушілерді аудан тарихымен, соғыс және еңбек ардагерлерінің, өнер және мәдениет қайраткерлерінің ерен еңбектерімен, өмір белестерімен таныстырады.

*Жансүгіровтың әдеби музейі* - 1984 жылы қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, атакты ақын Илияс Жансүгіровтың туғанына 90 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылған. Жалпы көлемі 268 шаршы метр ауданды құрайды. Музейлік маңызы бар материалдар саны 6 мыңнан асады. Музейде И.Жансүгіровтың сирек кітаптары, суреттері және жеке заттары көрерменге ұсынылады. Ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған өнер, көркемсурет және мүсін туындылары да ерекше назар аудартады.

*Сүйінбай Аронұлының әдеби-мемориалды музейі*–1996 жылы ашылған. Алматы облысындағы Жамбыл ауданы, Қарақастек ауылында орналасқан. Музей ғимаратының жалпы ауданы - 479,2 шаршы метр. Тартымды музей жәдігері бола алатын материалдар саны 800-ге жуық. Олардың арасында ұлттық аспаптар, ақынның өскен ортасы мен шығармашылығы жайлы кітаптар, оның заманынан хабар беретін түрлі бұйымдар бар.

**Есік қаласындағы облыстық өлкетану музейі** - 1996 жылы ашылған. Аламыт облысындағы Есік қаласында. Ғимаратының жалпы ауданы 300 шаршы метрдей. Музей қорында 2 мыңға жуық материалдар шоғырланған. Негізгі қор кездейсоқ табылған заттардан, далалық зерттеулер нәтижесінен жасақталған. Жыл сайын археологиялық қазба жұмыстарының арқасында олардың саны артып келеді.

**«Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейі** – 1978 жылы ашылған. Панфилов ауданы, Жаркент қаласында орналасқан. Мешіттің құрылысы 1892-1895 жылдары аяқталған. Ол шығыстық стильде салынған үздік сәулет өнерінің үлгісі болып табылады. Мешіттің архитектурасы біршама ғалымдар тарапынан зерделенген. Ол орталық үлкен аркасы бар кіре беріс порталдан, минарет ретінде салынған екі жақ мұнаралардан және күмбезді шатырлардан тұрады. Сыртқы пішіні бойынша ерекшелінетін бұл мешітке музей қызметкерлері экскурсия жүргізіп отырады, оның тарихын, әсем сәулетін, т.б. әңгімелейді.

**Ш. Уәлихановтың «Алтынемел» Мемлекеттік мемориалды музейі**-1985 жылы ашылған. Алматы облысындағы Кербұлақ ауданы, Шанханай ауылында орналасқан. Ол ғалымның туғанына 150 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған. Оның құрамына музей ғимараты, ғалымның зираты мен ескерткіші кіреді. Музейдің жалпы ауданы 811 шаршы метрді құрайды. Мың шақты материалдары бар. Музейге Ш.Уәлихановтың еңбектері, оның заманын айшықтайтын жәдігерлер, т.б. заттар қойылған.

**Қабанбай батыр атындағы тарихи-этнографиялық музейі**- 1991 жылы ашылған. Халық батыры Қаракерей Қабанбайдың 300 жылдық мерейтойына орайластырылып ашылған болатын. Алматы облысы Алакөл ауданы, Қабанбай кентінде. Музейдің жалпы ауданы - 518 шаршы метр. Онда мың шақты жәдігерлер шоғырланған. Олардың басым бөлігі этнографиялық материалдарды құрайды. Музейде экспозициясынан ауданда тіршілік етіп жатқан қазақ және өзге ұлт өкілдерінің тұрмысы жайлы да мағлұматтар алуға болады.

**Балқаш аудандық тарихи-өлкетану музейі** - 2003 жылы ашылған. Музейдің негізгі қоры 2 мыңдай артефактілерден тұрады. Онда археологиялық, этнографиялық материалдар да жеткілікті. Музейде Балқаш ауданының ғасырлар белестеріндегі тарихына, белгілі тұлғалардың еңбектеріне, ақын-жазушылардың шығармашылығы мен өміріне қатысты материалдар да көптеп жинақталған.

**М. Мақатаевтың әдеби-мемориалды музейі**–1991 жылы ашылған. Музей ақынның туған ауылы Қарасазда (Алматы облысы, Райымбек ауданы) орналасқан. Музейдің жалпы ауданы 362 шаршы метрді құрайды. Мыңға жуық музейлік маңызы бар материалдар жинақталған. Музей қорына ақынның шығармашылық мұрасына байланысты құндылықтар жиналған. Әдеби-мемориалдық музей экспозициясында ақын тұтынған заттар (насыбай шақшасы, шахмат тақтасы, портфелі, папкасы, киім-кешектері, т.б.), оның жиһаздары, кітаптары мен қолжазбалары, құжаттары, сонымен қатар өмірі мен қызметіне байланысты жәдігерлер қойылған.

**Тарихи-этнографиялық Кеген ауылы музейі**- 1987 жылы құрылған. Алматы облысындағы Райымбек ауданы, Кеген ауылында орналасқан. Музей

ғимаратында бұрын көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосов өмір сүрген. Оның жалпы ауданы 168,5 шаршы метрді құрайды. 2 мыңдай жәдігерлердің музейлік маңызы бар деп бағаланады. Музей О.Жандосовқа арналған бөлме, табиғат бөлмесі, тарихи-этнографиялық бөлме, 1917 жылдан бүгінгі күнге дейінгі уақытты бейнелейтін бөлме сияқты бөлімдерден тұрады. Оларда археологиялық тас мүсіндер, шимай тастар, алуан түрлі материалдардан (тас, қола, темір, т.б.) жасалған еңбек құралдары, сауыт-сайман, аң-құс тұлыптары, т.б. материалдар экспозицияға қойылған.

*Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайының негізі* 1988 жылы қаланған. 1994 жылы ресми түрде ашылған. Музейде сан алуан жәдігерлер арқылы ежелгі дәуірден бастап қазіргі кезге дейінгі тау-кен ісі мен металлургия өндірісінің тарихы бейнеленген. 12 мыңнан астам бағалы жәдігері бар. Әсіресе, ілкі замандардың металл бұйымдары мен қару-жарақтары ерекше шоғыр ретінде көзге түседі. Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы музейі мен Қарсақбай кентіндегі Қ.И.Сәтбаев атындағы мемориалдық музей-үйі мәдени-тарихи кешенді құрайды. Алғашқысы тау-кен және балқыту ісі тарихы бөлімі, тарих және экскурсиялық бөлім, мұрағат, шеберхана, кітапхана қорынан тұрады. Екінші мекеме академиктің өмірі мен қызметіне, Қарсақбай өндірістік тарихына бағытталған. Бірінші музей 7 экспозициялық залдан және ашық аспан астындағы экспозициялық алаңдардан тұрады. Ашық аспан астына тау-кен, металлургия өндірістерінің техникалары, кен тасымалдау құралдары, үлкен мөлшердегі кен жыныстарының үлгілері орналастырылған.

*Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейінің негізі* 1915 жылы қаланған. Ол кезде музей жәдігерлері 12 шаршы метр ағаш үйде орналасты. Жылдық бюджеті 900 рубль болған (салыстырмалы түрде алсақ: 1 жылқы 3 рубль). Азамат соғысы жылдары көптеген жәдігерлері жоғалып кеткен. 1921 жылы ашаршылық кезінде жабылып қалған музей 1922 жылы қайтадан қалпына келтірілген. Ал 1936 жылы облыс музейіне айналған. 1937 жылы дербес ғимарат берілген. 1938 жылы геологиялық, 1941 жылы ботаникалық және географиялық секциялары ашылған. Бүгінгі күні музейде есепке алу және қорғау, тарихи-экспозиция, табиғат секторы, көркем сурет және графика, ғылыми-ағарту және экскурсиялық-көпшілік жұмыс, ғылыми-әдістемелік бөлімдер, фотозертхана, ғылыми кітапхана жұмыс істейді. Қазіргі таңда қорлардың топтамалары 110 мыңдай жәдігерлерден тұрады. Олардың мерзімі тас дәуірінен басталады. Қола және ерте темір дәуірінің материалдары да жеткілікті. Қызықты археологиялық жәдігерлер қатарына «Тобыл ойшылы» атты тас мүсін, арқардың басы бедерленген құрбантабақ, құрбандық балғасының ұшы «Балға Құдай», т.б. жатады. Бірқатар этнографиялық материалдар (қобыз, дәркез, т.б.) ХІХ ғасырдан бастап мерзімделінеді. Суретшілердің қолөнер туындылары да көп. Музей құрылымына Меңдіқара ауданында және Жетіқара қаласындағы филиалдар кіреді.

*Екібастұз тарихи-өлкетану музейі* 1987 жылы Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейінің бір бөлімі ретінде құрылды. 1997 жылы дербес музей болып құрылды. Қазіргі таңда музей қорында 30 мыңдай жәдігер бар. Музейдің 9 экспозициялық залдары жұмыс

істейді. Онда Екібастұз тас көмір кен өндіру тарихы, алғашқы адамдардың еңбек құралдары, ежелгі замандардағы халықтардың тұрмыстық заттары, қазақ халқының этнографиясы, Павлодар облысының табиғаты көрсетілген.

***Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі*** 1942 жылы құрылған. Бастапқыда «Қазақстанды зерттеу қоғамының» облыстық бөлімшесі негізінде құрылса, ал 1959 жылы оған орыс саяхатшы Г.Н.Потанин есімі беріледі. Музей экспозициясында өлке тарихы мен мәдениеті айшықтайтын 12 зал бар. Ғылыми кітапханасы жұмыс істейді, сонымен қатар музей негізін қалаушы Д.П.Багаевтың мұражай-үйі, Майра Шамсутдинова атындағы ән-өнер шығармашылығы музейі және Әскери Даңқ музейі сияқты үш филиалы да халыққа қызмет көрсетуде. Музейдің негізгі қоры 1890 жылы салынған сәулет ескерткіші ғимаратында орналасқан. Онда 80-90 мыңға жуық жәдігерлер бар.

***Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы*** 1924 жылы құрылған. Музей ғимараттары ХІХ ғасыр соңында салынған бірнеше сәулет өнерінің ескерткіштері болып табылады. Музейдің жалпы ауданы 2400 шаршы метрді құрайды. Оның 350 мыңдай жәдігерлері, сондай-ақ 13 экспозиция залы бар. Әрбір зал белгілі бір тарихи кезеңдерге арналған. Экспозиция залдарынан археологиялық, этнографиялық, т.б. материалдарды тамашалауға болады. Тәуелсіздік жылдарына арналған 3 зал жұмыс істейді. Олар: Қазақстан тәуелсіздік жылдарында, Солтүстік Қазақстан тәуелсіздік жылдарында және Қазақстан-Ресей қарым-қатынастары. Музейде өлкенің табиғатына қатысты да материалдар көптеп кездеседі.

***Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайы*** – 1929 жылы құрылған. 1930-1940 жылдарда музейге жиі-жиі орын ауыстыруға тура келген. Ұзақ жылдар музейдің жеке ғимараты болмаған. Ол басында «жергілікті өлкетану музейі», «округтік өлкетану музейі» деп, кейін Ақтөбе облыс болып құрылғаннан кейін облыстық өлкетану музейі деп аталған. Музейде табиғат, археологиялық, архитектуралық және этнографиялық бөлімдері жұмыс істейді. Қорында 100 мыңнан астам жәдігер бар. Экспозиция залдарында өлкенің пайдалы қазба кендері, жануарлар мен сирек кездесетін өсімдіктер дүниесі, археологиялық қазба кезінде табылған еңбек құрал-жабдықтары мен қару-жарақтар, қыштан жасалған бұйымдар, қазақ-қалмақ соғыстары туралы құнды мәліметтер, жаңа замандағы қару-жарақ үлгілері, этнографиялық материалдар қойылған. Өлкеден шыққан тұлғалардың заттары, зиялы қауымның құжаттары, жергілікті өнерпаздардың туындылары, т.б. жинақталған. Ел тәуелсіздік алған тұста кеңес заманындағы музей түбегейлі өзгертіліп, жаңа экспозициялар («Дулығалы дала перзенттері», т.б.) құрылды. Белгілі бір тақырыпқа қатысты экспозициялар жанданды. Музей қорында ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы он шақты белбеу түрлері сақталған. Онда Есет Көкіұлы сауыты, Арынғазы ханның сауыты, Құран сөздері жазылған бағалы ыдыстар, Айшуақ ханның ұрпақтары тапсырған жүзік, Әбілқайыр хан мен Қаратай сұлтанның кейбір дүние-мүліктері, күйші Қамбар Қаратаев-Медетов белдігі, т.б. бағалы жәдігерлер сақтаулы тұр.

***Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі*** 1925 жылы құрылған. Оның алғашқы топтамалары ХІХ ғасырдың 30-жылдарында

Орынборда орналасқан Неплюев әскери училищесінде жинақталған. 1931 жылы Кафедралдық собор ғимаратында болған, қазіргі ғимаратына 1985 жылы көшірілген. 1944 жылдан қазіргі атымен аталады. Оның қорында Қазақстанның ежелгі дәуірінен бастап қазіргі күніне дейінгі терең тарихынан сыр шертетін алуан түрлі 300 мыңнан астам жәдігерлік бұйымдар жинақталған. Музейде 7 экспозициялық зал жұмыс істейді. Бірінші зал палеонтология мен археология кешендерінен тұрады. Палеонтология бөлімінде миллиондаған жылдарды қамтитын фауна мен флора қалдықтары орналастырылған. Археология бөлімінде ескерткіштердің макеттері, қалпына келтірілген жерлеу орындары, ғұрыптық ғимараттар жобалары, археологиялық артефактілер, нумизматикалық материалдар, т.б. қойылған. Екінші залда дәстүрлі қазақ мәдениетіне қатысты заттар кешені (қару-жарақтар, еңбек құралдары, зергерлік бұйымдар, киім-кешектер, т.б.) орналастырылған. Үшінші зал Екінші дүниежүзілік соғыс пен диаспоралар мәдениетіне арналған. Онда Қазақстанды мекендеп келе жатқан халықтардың тарихы мен этнографиясына қатысты материалдар түзілген. Ал төртінші зал Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы тарихын баяндайды. Бесінші зал «Ашық қор» - «Қазақстанның археологиялық алтыны» деп те аталынады. Онда Жалаулы көмбесінен, Шілікті, Қарғалы, т.б. қорымдардан табылған алтын бұйымдар, ортағасырлық кейбір алтын заттар (қару-жарақ, ыдыс-аяқ, т.б.) қойылған. Алтыншы залда антропологиялық материалдар түзілген. Жетінші зал суретші-кескіндемеші Н.Г.Хлудов топтамаларына арналған. Аталған музей Орталық Азиядағы ең ірі мәдени мекемелердің бірі болып табылады.

Жоғарыда анықтамалық материалдардан алынған музейлер туралы ақпараттар олардың кейбірінде экскурсиялық-көпшілік бөлімдердің қызмет көрсететіндігін айғақтайды. Ақпарат берілген музейлердің барлығында, әсіресе, ЮНЕСКО тізіміне енген музейлерде, сонымен қатар республикалық маңызы бар музейлерде, облыстық тарихи-өлкетану музейлерінде экскурсия жүргізушілердің штаты 10-ға дейін жетеді, тіпті, кейбірінде одан да асып жатады. Орта есеппен облыстық тарихи-өлкетану музейлері жылына 800-1000 шақты экскурсия өткізіп тұрады. Кейде экскурсияларды музейге оқушыларын ертіп келген мектеп мұғалімдері де жүргізіп жатады. Музей қызметкерлерінің штаты аз аудандық музейлерде экскурсия жүргізушілердің саны 1-2 ғана, тіпті кейбіреуінде музей қызметкерлері бірнеше функциялық қызметтерді атқарып отырады.

### ***Бақылау сұрақтары:***

1. Қайсы музейлер ЮНЕСКО тізіміне енген?
2. ЮНЕСКО тізіміне енген музейлердегі экскурсиялық істің ерекшелігін атаңыз.
3. Облыстық музейлердегі экскурсиялық істі саралап шығыңыз.
4. Аудандық музейлердегі экскурсиялық іске сараптама жасаңыз.
5. Жеке тұлғалардың музей-үйлеріндегі экскурсиялық істі сарптаңыз.

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Савина Н.В., Горбылева З.М. Экскурсоведение: Учебное пособие. – Минск, 2004.
2. Емельянов Б.В. Экскурсоведение. Учебное пособие. –М., 2002.
3. Райымханова К.Н., Қатран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы. –А., 2001
4. Дькова Р.А. Основы экскурсоведения. –М.:1985.–255 с.